

1996 жылғы 27-28 маусымда Әкімдердің республикалық кеңесінде Қазақстан Республикасының Президенті қойған міндеттерді іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 1996 жылғы 30 шілдедегі N 8 Өкімі

1996 жылғы 27-28 маусымда Әкімдердің республикалық кеңесінде Қазақстан Республикасының Президенті қойған міндеттерді іске асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдары, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері 1996 жылғы 1 қыркүйекке дейін "Еліміздің даму қорытындылары және атқарушы өкіметтің орта мерзімді перспективаға арналған негізгі міндеттері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің меморандумынан және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27-28 маусымда Әкімдердің республикалық кеңесінде жасаған баяндамасынан туындаған міндеттерді орындау жөнінде нақты іс-шараларды әзірлейтін болсын.

2. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері:

- Әкімдердің республикалық кеңесінде айқындалған міндеттерді орындау жөнінде ағымдағы жылдың ІҮ тоқсанында облыстық семинар-кеңестер әзірлеп, өткізетін болатын ;

- селолық округтер, поселкелер мен ауыл әкімдерінің жергілікті жерлерде мемлекеттік саясатты жүргізудегі ролін және олардың экономикалық реформаларды жүзеге асыру, әлеуметтік саладағы істің жағдайы мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін жауапкершілігін арттыру жөнінде шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің аппараты бір ай мерзімде "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" , "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" заңдардың жаңа редакцияларының жобаларын әзірлеуді аяқтап, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізсін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңес 1997 жылғы 1 шілдеге дейін қажетті зерттеулер жүргізсін. Қазақстанның 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынсын.

5. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1996 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша құралған зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу жөніндегі берешекті жою жөнінде қосымша шаралар қолдансын.

6. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге де атқарушы органдары мемлекеттік нышандары қолданған кезде "Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 қаңтардағы Конституциялық заң күші бар Жарлығының талаптарын қатаң басшылыққа алатын б о л с ы н .

Халықтың, айрықша жастардың бойына патриотизм мен мақтаныш, мемлекеттік нышандарды қастерлеу сезімдерін сіңіру жөніндегі жұмысты табанды жүргізсін.

7. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің заң және құқықтық сараптама мәселелері жөніндегі бөлімі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері 1996 жылғы 1 қазанға дейін "Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы қаулысының, "Қазақстан Республикасы Конституциясының мүлтіксіз сақталуы мен орындалуын қамтамасыз ету, оның қағидаларын насихаттау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 сәуірдегі өкімінің орындалу барысына талдау жасасын, осы жұмыстағы атүстілікті жою және қоғам өмірінде заңның үстемдігін бекітуді қамтамасыз ету, азаматтардың бойында Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Мемлекет басшысының актілеріне құрмет сезімін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

8. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметі аппаратының басқа да бөлімдерімен, облыстардың және Алматы қаласы әкімдерімен бірлесе отырып, "Мемлекеттік қызметтің кадр резервін жасақтау және олармен жұмысты ұйымдастырудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 12 шілдедегі Жарлығына сәйкес 1997 жылдың 1 қаңтарына дейін іс үстіндегі кадр резервін қайта қарайтын болсын, бұл орайда оған кәсіби тұрғыда неғұрлым даярланған мемлекеттік қызметшілерді, кәсіпкерлік құрылымдардың өкілдерін, жас ғалымдарды, экономикалық және заң білімі бар мамандарды енгізуге ерекше назар аударсын.

9. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Халықтары ассамблеясының Атқарушы хатшылығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері ұлтаралық татулықты одан әрі нығайту және қоғамда тұрақтылықты сақтау жөнінде қоғамдық-саяси іс-шаралар өткізуді практикада қолдансын.

10. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімі, Ұйымдастыру-бақылау бөлімі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының мүлтіксіз сақталуы рухында саяси

және әлеуметтік тұрақтылықты нығайту жөнінде өкілді органдармен, саяси партиялармен және қоғамдық бірлестіктермен тығыз іс-қимылды қамтамасыз етсін.

11. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері "Еліміздің даму қорытындылары және атқарушы өкіметтің орта мерзімді перспективаға арналған негізгі міндеттері туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Меморандумының негізгі қағидаларын насихаттауды қамтамасыз етсін, мемлекет саясатын жете ұғындырсын, сондай-ақ республика аймақтарында экономикалық, әлеуметтік және құқықтық реформаларды өткізу жөніндегі оң практиканы кеңінен түсіндірсін, барлық деңгейлердегі атқарушы органдардың қызметінде орын алып отырған кемшіліктер мен лауазымды адамдардың қызмет бабын асыра пайдалану фактілерін жариялы етсін.

12. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ұйымдастыру-бақылау бөліміне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Мемлекеттік хатшысы